"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

№09-15/2608
15.05.2018 жыл

«Толеби» ЖШС – нің
директоры
Е.Избасаровқа
ОҚО, Төлеби ауданы, Бірінші мамыр селосы, н/з үй.
тел.: 8 701 555 24 20
yerzhigit@mail.ru

Сіздің 25.04.2018 жылғы
№7, 26.04.2018 жылғы №12453
санды өтініштеріңізге:

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)*, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген мәселелерге сәйкес төмендегіні мәлімдейді.

Шымкент қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық бөлімімен ұйымдастырылған №2380019-1 «Шымкент қаласының саябақтар мен гүлзарлар аумағында орналасқан ескерткіштерді күтіп ұстау жұмыстары» ашық конкурсының 19.04.2018 жылғы №2160305 қорытындылар хаттамасына сәйкес, Сіздің конкурстық өтініміңіз біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай болмағандықтан конкурстық комиссия тарапынан конкурсқа қатысуға рұқсат берілмеген.

Камералдық бақылау барысында, конкурстық комиссияның қорытындылар туралы хаттамасындағы қабылдаған шешімінен бұзушылықтар анықталған жоқ.

Яғни, Сіздің конкурстық өтініміңіз конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді. Мәселен, техникалық ерекшелікке сәйкес талап етілген *Трактор на пневмоколесном ходу 163 (230) кВт (л.с.)* орнына Сіз ұсынған Трактор Т28*4м, Трактор МТЗ 80 техникаларының техникалық ерекшелігі сәйкес келмейді.

Бұдан басқа, конкурстық құжаттамаға сәйкес талап етілген *Компрессоры передвижные с двигателем внутреннего сгорания давлением до 686 кПА (7амт.), 5 м3/мин (прицепной на пневмоколесном ходу)* – 2 дананың орынына Сіздің тарапыңыздан 1 данасы ғана ұсынылған.

Сонымен қатар, «Мрамор Гранит Тас» ЖШС – гі өзінің біліктілігі туралы мәліметінде көрсеткен Трактор К-700А техникасын 22.09.2018 жылғы №4/18 алдын ала жалға алу шартымен АО «Гидропромстрой» ЖШС – нен алған.

Яғни, 03.01.2018 жылғы алдын ала жалға алу шартында жалға беруші заңды тұлғаның атауы **АО «Гидропромстрой»** деп көрсетілген.

Алайда, веб-порталға тіркелген техникалық паспортында аталған техниканың иесі – **ОАО «Гидропромстрой»** деп көрсетілген.

Дегенмен, «Мрамор Гранит Тас» ЖШС – гі конкурстық өтінімінде «Гидропромстрой» АҚ – ның «заңды тұлғаның қайта тіркелгені туралы» хабарламасы тіркелген.

Сондай – ақ, Трактор К-700А техникасының растаушы құжаты анық, оқылуы мүмкін көшірмесі веб-порталға тіркелген.

Жоғарыдағылардың негізінде, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген өз дәлелін тапқан жоқ.

ҚР 12.01.2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Орын.: А.Садыкбеков
Тел.: 8 7252 35-06-06

Келісілген: